



«Арқалық қаласындағы облыстық № 2
әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі

Торғай түлегі – жыр қыраны



(ақын, журналист, аудармашы, драматург
Серік Тұрғынбековтың 75 жасқа толуына арналған)

Библиографиялық көрсеткіш

Арқалық 2021

«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі

Торғай түлегі – жыр қыраны

ақын, журналист, аудармашы, драматург Серік Тұрғынбеков
75 жаста

Библиографиялық көрсеткіш

Арқалық 2021

ӘОЖ 821.512.122(01)

КБЖ 91.9:83

Т 60

Құраст., компют. терген: Г. К. Сейтқожина

Жауапты ред.: Ә. Қ. Ахметжанова

Құрастырушы: Г. К. Сейтқожина

Шығарылымға жауапты: К. Б. Борибаева

Мұқабаны безендірген: С. М. Көшкінбай

Редактор: Ә. Қ. Ахметжанова

... Торғай түлегі – жыр қыраны [Мәтін] : (ақын, журналист, аудармашы, драматург Серік Тұрғынбековтың 75 жасқа толуына арналған) : библиографиялық көрсеткіш / Арқалық қаласындағы Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; Г. К. Сейтқожина ; шығарылымға жауапты К. Б. Борибаева ; ред. Ә. Қ. Ахметжанова]. – Арқалық : [б.б.], – 44 б. сурет. – қазақ тілінде.

...Әдістеме-библиография бөлімі ақын, журналист, аудармашы, драматург Серік Тұрғынбековтың 75 жасқа толуына арналған библиографиялық көрсеткішін дайындады.

Библиографиялық көрсеткішке Серік Тұрғынбековтың өмірі мен шығармашылығы жайындағы мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 821.512.122(01)

КБЖ 91.9:83

© Г. К. Сейтқожина

Құрастырушыдан

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы ақын, журналист, аудармашы, драматург, жерлесіміз Серік Сәрсенұлы Тұрғынбековтың 75 жасқа толуына арналған библиографиялық көрсеткішін әзірлеп оқырман назарына ұсынды.

Библиографиялық көрсеткішке ақынның өмір жолы мен шығармашылығы жайындағы мағлұматтар берілген.

Көрсеткішке 1972 жылдан бастап 2020 жылдың желтоқсан аралығында баспасөзде жарияланған ақынның өлеңдері, мақалалары мен кітапхана қорында бар материалдар енгізілген, интернет-материалдардың ресурстары пайдаланылған.

Әдебиеттер бөлімдер бойынша жүйеге келтірілген, бөлім ішіндегі материалдар хронологиялық ретпен орналастырылған.

Бөлімдер Серік Тұрғынбековтың жыр жолдарының, мерзімді басылым бетіндегі жарияланымдарының, оның өмірі мен шығармашылығы жайындағы кітаптары мен мақалаларының, сондай-ақ әңгімелері мен сұхбаттарының тізімінен тұрады.

Басылымда материалдар қазақ тілінде берілген.

Библиографиялық көрсеткіш мәдениет қызметкерлеріне, әдебиетшілерге, оқытушыларға, студенттерге және көпшілік оқырманға арналған.

Өлеңнің өрен жүйрігі



Қазақ поэзиясының ақжал арғымағы атанған ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының, Бүкіл Түрік поэзиясы фестивалінің лауреаты, жерлесіміз Серік Тұрғынбекұлы 1946 жылы 1 наурызда Қостанай облысы, Жанкелдин ауданы Ақшығанақ ауылындағы Төлеген қыстауында дүниеге келді.

Еңбек жолын туған ауданының «Жаңа өмір» аудандық газетінен бастаған (1964–1967).

1966 ж. Алматыдағы С. М. Киров ат. ҚазМУ журналистика факультетіне қабылданады.

1967–1973 жж. Қазақ радиосында редактор, 1973–1978 жж. респ. «Лениншіл жас» жастар газетінің (қазіргі «Жас Алаш») Торғай, Қостанай обл. бойынша меншікті тілшісі болып Арқалыққа аттанады. 1978 ж. Алматыға қайта оралып, Республикалық халық шығармашылығы үйінде фольклор бөлімшесіне басшылық етті. 1980 ж. Қазақ теледидарының әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясында редактор, 1981–1985 жж. ҚазКСР Баспа, полиграфия, кітап саудасы істері жөніндегі мем. комитетінің аға редакторы, кейін «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі болып істеді. «Ақиқат» журналында, Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық алқасында, Ғ. Мүсірепов ат. балалар мен жастар театрында, ҚазКСР Баспа кітабында түрлі жауапты қызметтер атқарды.

1985 жылдан зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін Астана (қазір Нұр-Сұлтан) қаласындағы С. Сейфуллин мұражайының директоры болды.

Бірнеше жыр жинақтарының авторы. Ақынның алғашқы «Қобыз» атты өлеңдер жинағы 1974 ж. жарыққа шықты. Кейінгі жылдары «Көкейкесті» (1978), «Торғай толғаулары» (1981), «Жүрегімнің сәулесі» (1983), «Тыңда түлегендер (1983), «Кеш келген көктем» (1985), «Сүйген жүрек», «Асан ата ізімен», «Жерорта» (1999) және т.б. шығармалары жарық көрді.

«Махамбет пен Жәңгір хан», «Кейкі батыр», «Сәкен сұңқар» және т.б. дастандарының, «Нұрхан», «Мұқағали» пьесаларының авторы.

Серік Тұрғынбеков қазақ әндерінің авторы ретінде де елге танымал.

Ақынның аудармасымен А. Твардовскийдің лирикалық өлеңдері «Перзент сыры» деген атпен шықты (1984), «Бауырлас жылдар» сериясы бойынша

П. Богдановтың «Москва үшін шайқас» поэмасы (1985) қазақ оқырмандарына ұсынылды.

Ақын «Кейкі батыр» тарихи дастаны үшін «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығын алды (2003), «Махамбет және Жәңгір хан» дастаны ЮНЕСКО көлемінде өткен ақын Махамбеттің 200 жылдық мерейтойында «Махамбет» сыйлығының иегері атанды (2003), түрік поэзиясының лауреаты.

«Парасат орденінің иегері (2016). Жангелдин ауданының құрметті азаматы (2016).

Бірнеше драмалық шығармалары республика театрларында сахналанған.

Шығармалары:

1. Тұрғынбекұлы, С. Кейкі батыр [Мәтін] / С. Тұрғынбекұлы ; алғы сөзін жазғ.: Ә. Кекілбайұлы, А. Сейдімбек. – Астана : Фолиант, 2017. – 320 б.
2. Тұрғынбекұлы, С. Халқым деп соққан жүрегі [Мәтін] : Орал Мұхамеджанов жайлы естеліктер жинағы / [кұраст.: С. Тапаев, С. Тұрғынбекұлы]. – Астана : Фолиант, 2015. – 268 б.
3. Тұрғынбекұлы, С. Таңдамалы [Мәтін] : / С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Фолиант, 2014. – Т. 1: Өлеңдер мен балладалар. – 384 б.
4. Тұрғынбекұлы, С. Таңдамалы [Мәтін] : / С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Фолиант, 2014. – Т. 2 : Өлеңдер мен дастандар. – 408 б.
5. Тұрғынбекұлы, С. Ғарыш – қазақ [Мәтін] : поэма / С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Фолиант, 2012. – 136 б.
6. Тұрғынбекұлы, С. Ақан сері – Балқадияша [Мәтін] : лирикалық поэма / С. Тұрғынбеков. – Астана, 2006. – 68 б.
7. Тұрғынбекұлы, С. Жерорта [Мәтін] : жыр кітабы / С. Тұрғынбекұлы. – Алматы : Жазушы, 1999. – 208 б.
8. Тұрғынбекұлы, С. Кейкі батыр [Мәтін] : тарихи дастан / С. Тұрғынбекұлы. – Алматы : Білім, 2001. – 153 б.
9. Тұрғынбеков, С. Асан ата ізімен [Мәтін] : өлеңдер / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жазушы, 1988. – 104 б.
10. Тұрғынбеков, С. Сүйген жүрек [Мәтін] : өлеңдер мен толғаулар / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жалын, 1986. – 128 б.
11. Тұрғынбеков, С. Кеш келген көктем [Мәтін] : өлеңдер мен балладалар / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жазушы, 1985. – Б. 96.
12. Тұрғынбеков, С. Торғай толғаулары [Мәтін] : өлеңдер мен поэма / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жазушы, 1981. – 87 б.
13. Тұрғынбеков, С. [Мәтін] : өлеңдер / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жалын, 1978. – Б. 64.
14. Тұрғынбеков, С. Көкейкесті [Мәтін] : өлеңдер / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жалын, 1978. – 64 б.
15. Тұрғынбеков, С. Қобыз [Мәтін] : өлеңдер / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жазушы, 1974. – Б. 71.



Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

16. Тұрғынбекұлы, Серік. Серікбайға сыр [Мәтін] : (75-ке толғанда – жыр-шашу) : [ақын С. Оспановқа] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 1 сәуір. – Б. 4.
17. Тұрғынбекұлы, Серік. Аспандағы Ай жалғыз – Абай жалғыз [Мәтін] : [ақын А. Құнанбаевтың 175 жылдығына : өлеңдер] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 4 қыркүйек. – Б. 8.
18. Тұрғынбеков, Серік. Тектінің тұяғы [Мәтін] : [ауыл шаруашылығы қызметкері Серікбай Бірімжанұлы Тапаев] / Серік Тұрғынбеков // Қостанай таңы. – 2018. – 9 ақпан. – Б. 6.
19. Тұрғынбеков, Серік. Ақкісі – менің ауылым [Мәтін] : [ән нотамен берілген] : (Аудан тойына – ән-шашу) / әні : Қалибек Деріпсалдиндікі ; сөзі Серік Тұрғынбекұлыныкі // Аманкелді арайы. – 2018. – 14–21 қыркүйек. – Б. 12.
20. Тұрғынбеков, Серік. Қайран ағам! [Мәтін] : [өлең] / С. Тұрғынбеков // Қостанай таңы. – 2018. – 3 қазан. – Б. 8.
21. Тұрғынбекұлы, Серік. Жаңа әліпби – заман талабы [Мәтін] : [латын әліпбиіне көшу туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 12 қыркүйек. – Б. 2.
22. Тұрғынбекұлы, Серік. Кейкі батыр [Мәтін] : (Тарихи дастан) / Серік Тұрғынбекұлы // Аманкелді арайы. – 2017. – 15 қыркүйек. – Б. 4–5 ; 22 қыркүйек. – Б. 4–5 ; 29 қыркүйек. – Б. 4.
23. Тұрғынбекұлы, Серік. Шақшақ Жәнібек және оның ұрпақтары [Мәтін] : [тарихи эссе] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 13 қыркүйек. – Б. 8–9.
24. Тұрғынбеков, Серік. Осы өлең кімге керек? [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Қостанай таңы. – («Қостанай ақшамы» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2016. – 22 шілде. – Б. 12.
25. Тұрғынбекұлы, Серік. Тұрушы ең бір шың боп [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Ана тілі. – 2015. – 10–16 қыркүйек. – Б. 8.



26. Шақшақ Жәнібек туралы толғау [Мәтін] : (Қостанайдағы ескерткішінің ашылуына орай) / Серік Тұрғынбеков // Қостанай таңы. – 2017. – 13 қыркүйек. – Б. 9.
27. Тұрғынбекұлы, Серік. Іні рухымен сырласу [Мәтін] : [өлең : дәрігер Амантай Мұқатовқа арналған] / Серік Тұрғынбекұлы // Арқалық хабары. – 2015. – 17 сәуір. – Б. 4.
28. Тұрғынбекұлы, Серік. Қайран, жеңешем [Мәтін] : [әңгіме] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2015. – 15 мамыр. – Б. 8.
29. Тұрғынбекұлы, Серік. Аға рухына тағзым [Мәтін] : (жыр-толғау) / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2014. – 7 қаңтар. – Б. 6.
30. Тұрғынбекұлы, Серік. Серіні сағыну [Мәтін] : [жазушы Сәкен Жүнісов туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Жас Алаш. – 2014. – 17 шілде. – Б. 5.
31. Тұрғынбекұлы, Серік. Алаштың арыстарын ар тұтқан [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Қазақ. – 2014. – 19 желтоқсан. – Б. 8.
32. Тұрғынбекұлы, Серік. Астана – дастан [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбекұлы // Ана тілі. – 2013. – 4 шілде. – Б. 6–7.
33. Тұрғынбекұлы, Серік. Ахмет – Іңқар [Мәтін] : (лирикалық дастаннан үзінді) / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2013. – 9 қаңтар. – Б. 9 ; Егемен Қазақстан. – 2013. – 24 сәуір. – Б. 13.
34. Тұрғынбекұлы, Серік. Бүгінгі күннің балладалары [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбекұлы // Жас Алаш. – 2013. – 21 қараша. – Б. 5.
35. Тұрғынбекұлы, Серік. Ғали ақынның ғаламы [Мәтін] : [ақын Ғали Орманов] / Серік Тұрғынбекұлы // Ана тілі. – 2013. – 12 қыркүйек. – Б. 3.
36. Тұрғынбеков, Серік. Ақынжанды журналист [Мәтін] : [Жұмат Әнесұлы туралы] / Серік Тұрғынбеков // Ана тілі. – 2012. – 1 наурыз. – Б. 7.
37. Тұрғынбекұлы, Серік. Алдымнан сыландаса сағымды үміт [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбекұлы // Жұлдыз. – 2012. – № 2. – Б. 148–151.
38. Тұрғынбекұлы, Серік. Шераға [Мәтін] : [жазушы Шерхан Мұртазаға : өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 2 қазан. – Б. 9.



39. Тұрғынбекұлы, Серік. Сырлы әлем [Мәтін] : [ақын Сырбай Мәуленовтың шығармашылығы туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 22 қараша. – Б. 5.
40. Тұрғынбекұлы, Серік. Кеңшіліктің кейбір кездері... [Мәтін] : [эссе] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2011. – 15 маусым. – Б. 4–5.
41. Тұрғынбекұлы, Серік. Қасымды қастерлеу [Мәтін] : [ақын Қасым Аманжолов туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2011. – 2 қыркүйек. – Б. 4.
42. Тұрғынбекұлы, Серік. Серікбайдың сегіз қыры [Мәтін] : [ақын Серікбай Оспанұлының ақындығы, әншілігі, ерлігі, ұстаздығы, ғалымдығы туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2010. – 2 сәуір. – Б. 7.
43. Тұрғынбекұлы, Серік. Ғарыш – қазақ [Мәтін] : Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңестер Одағының Батыры, Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров туралы жыр-дастан / Серік Тұрғынбекұлы // Жалын. – 2010. – № 5 – Б. 11–23.
44. Тұрғынбекұлы, Серік. Ақынның нақышты жырлары [Мәтін] : [Н. Мұқатов өлеңдері] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2009. – 13 наурыз. – Б.4.
45. Тұрғынбекұлы, Серік. Аға жайлы жыр [Мәтін] : [өлең] : Жолбарыс қажы Баязидтің мерейтойына / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2009. – 5 мамыр. – Б. 5.
46. Тұрғынбекұлы, Серік. Бурабайда кім атты екен бұғыны?! [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2009. – 28 қазан. – Б. 8.
47. Тұрғынбекұлы, Серік. Жасын жырдың жарқылы [Мәтін] : [ақын Жарасқан Әбдіраш туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2008. – 26 наурыз. – Б. 5.
48. Тұрғынбекұлы, Серік. Сырағаң сыйлаған сырлы сәттер [Мәтін] : [Сырбай Мәуленов] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 15 қыркүйек. – Б. 5.
49. Жақан Қосабаев қазасына [Мәтін] / Серік Тұрғынбекұлы // Біздің Торғай. – 2007. – 14 желтоқсан. – Б. 6.



50. Тұрғынбекұлы, Серік. Абайлап қара, қазаққа! [Мәтін] : өлең / С. Тұрғынбекұлы // Жас Алаш. – 2006. – 20 шілде. – Б. 5.
51. Тұрғынбекұлы, Серік. Армысың, асыл Астана! ; Салынып жатыр Астана ; Қала қандай! [Мәтін] : өлеңдер / Серік Тұрғынбекұлы // Астана. – 2006. – № 3. – Б. 32.
52. Тұрғынбекұлы, Серік. Қара жердің сықырлайды сүйегі [Мәтін] : өлеңдер / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2005. – 6 мамыр. – Б. 7.
53. Тұрғынбекұлы, Серік. Бірігейік бауырлар! [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан – 2005. – 1 желтоқсан. – Б. 1.
54. Тұрғынбекұлы, Серік. Ғалымжанға хат [Мәтін] : [қоғам қайраткері Ғалымжан Жақияновқа : арнау өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Азат. – 2004. – 3 наурыз – Б. 1.
55. Тұрғынбекұлы, Серік. Заңғар [Мәтін] : Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділов туралы естелік-эссе / Серік Тұрғынбекұлы // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 27 ақпан. – Б. 11.
56. Тұрғынбекұлы, С. Бәрібір сен тұрасың ең басында [Мәтін] : [өлең] / С. Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 25 желтоқсан. – Б. 1.
57. Тұрғынбекұлы, Серік. Топжарғанның тойын өткізді Торғайдың халқы жиылып [Мәтін] : [ақын Н. Ахметбековтың туғанына 100 жыл толуына орай] / Серік Тұрғынбекұлы // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 19 желтоқсан. – Б. 10.
58. Тұрғынбеков, Серік. Өмірбек Жұмағали 60 жаста [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбеков // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 1 ақпан. – Б. 4.
59. Тұрғынбекұлы, Серік. Сөзім менің [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2002. – 25 маусым. – Б. 15.
60. Тұрғынбекұлы, Серік. Кейкі батыр [Мәтін] : [тарихи дастан] / Серік Тұрғынбекұлы // Торғай. – 2002. – 25 қазан. – Б. 3.
61. Тұрғынбекұлы, Серік. Арман – дүние [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Торғай. – 1999. – 19 тамыз. – Б. 4.



62. Тұрғынбекұлы, Серік. Кейкі батыр [Мәтін] : (ықшамдалған журналдық нұсқа) : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбекұлы // Сары-Арқа. – 1998. – № 4. – Б. 14–28.
63. Тұрғынбекұлы, Серік. Көз жасымды көрсетпей... [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Қазақ әдебиеті. – 1997. – 30 желтоқсан. – Б. 1.
64. Тұрғынбеков, Серік. Бәрі... Бәрі өзгерді [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 20 ақпан. – Б. 5.
64. Тұрғынбекұлы, Серік. Өмір өтіп барады бұлаң қағып... [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Егемен Қазақстан. – 1996. – 27 ақпан. – Б. 6.
65. Тұрғынбеков, Серік. Көктемді күтіп жүрмін мен [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 30 сәуір. – Б. 4.
66. Тұрғынбеков, Серік. Жұмағали туралы жыр [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбеков // Торғай таңы. – 1993. – 28 қаңтар. – Б. 4.
67. Тұрғынбеков, Серік. Қалибекке [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Торғай таңы. – 1992. – 13 мамыр. – Б. 4.
68. Тұрғынбеков, Серік. Сол бір жас [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Торғай таңы. – 1977. – 3 желтоқсан. – Б. 4.
69. Тұрғынбеков, Серік. Әліби [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Торғай таңы. – 1974. – 1 шілде. – Б. 4.
70. Тұрғынбеков, Серік. Май сазы [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Торғай таңы. – 1972. – 1 мамыр. – Б. 4.

Аудармасы:

71. Перзент сыры [Мәтін] : лирикалық өлеңдер / А. Твардовский ; орыс тілінен ауд. С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жалын, 1984. – 64 б.



Басқа авторлармен бірігіп жазған шығармалары:

72. Құлыяс, Т. Жыланның тілі [Мәтін] : роман және әңгімелер / Т. Құлыяс .; алғы сөз жазғ.: С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Фолиант, 2012. – 544 б.
73. Бектемісұлы, Назарбек. Ахмет ұшқан алтын ұя [Мәтін] / Н. Бектемісұлы ; алғы сөз жазғ.: С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Елорда, 2001. – 128 б.

Ол туралы әдебиеттер:

74. Серік Тұрғынбекұлы [Мәтін] // Астана : Жыр құшағында. Ән қанатында / [құраст. Г. Аманжолова]. – Астана, 2018. – Б. 315.
75. Құрманғали, Қ. Ақиқат айнасы [Мәтін] : әдеби портр. / Қ. Құрманғали. – Алматы : Айғаным, 2016. – 380 б.
76. Өз биігіне көтерілген ақын [Мәтін] : Серік Тұрғынбековтың 70 жасқа толуына орай = к 70-летию поэта Серика Тургынбекова : библиогр. көрсеткіш = библиогр. указ. / Л. Н. Толстой ат. Қостанай әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық-библиографиялық бөлім ; [құраст. Ә. Қ. Сәлібаева ; ред. З. А. Варинке]. – Қостанай, 2016. – 18 б.
77. Тұрғынбеков Серік Сәрсенұлы [Мәтін] // 2016 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегі. 43-шығ. / [Л. Н. Толстой ат. Қостанай ОӘФК, Ақпараттық-библиографиялық бөлім ; құраст. Ә. Қ. Сәлібаева [және т. б.] ; [шығ. жауапты Б. М. Әлкебаева ; ред. Д. Т. Дүйсебаева]. – Қостанай, 2015. – Б. 34–42.
78. 2016 жылға берілген Арқалық қаласының атаулы күндер күнтізбегі [Электрондық ресурс] : библиогр. көрсеткіш / Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, әдістеме-библиографиялық бөлімі. – Арқалық, 2015. – 1 электр. опт. диск (CD-ROM).
79. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] // 2016 жылға берілген Арқалық қаласының атаулы күндер күнтізбегі : библиогр. көрсеткіш / Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиографиялық бөлімі ; [құраст. Г. К. Сейтқожина]. – Арқалық, 2015. – Б. 20–22.



80. Серік Тұрғынбекұлы [Мәтін] // Жыр маржаны : он томдық : қазақ поэзиясының антологиясы / құраст. М. Құлкенов, Г. Мұқышева. – Алматы : Мереке, 2014. – Т. 5. – Б. 291–299.
81. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] // Торғай елі : энцикл. / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 413–414.
82. Жақсанов, О. Елім деп соққан жүрек [Мәтін] : [эсселер, портр.] / О. Жақсанов. – Қостанай : Шапақ, 2010. – 2- кітап. – Б. 392–396.
83. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] // Қазақстан жазушылары : анықтамалық : 75 жыл / құраст.: Қ. Саят, Қ. Жұмашева. – Алматы : Арыс, 2009. – Б. 395.
84. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] // Торғай тарландары : өмірбаяндық энцикл. / Ә. Жақып. – Астана, 2009. – 1т. – Б. 159–161.
85. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] // Қазақ әдебиеті : энцикл. анықтамалық / бас ред.: И. Н. Тасмағамбетов. – Алматы : Аруна баспасы, 2005. – 1т. – Б. 513.
86. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] Қазақстан жазушылары: ХХ ғасыр [Мәтін] : анықтамалық / [құраст.: Е. Дүйсенбайұлы және т. б.]. – Астана : Ана тілі, 2004. – Б. 311.

Мақалалар, сұхбаттар, әңгімелер:

87. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты: Менің ақындық тұсауымды Мұқағали кескен [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлымен сұхбат] / әңгімелескен Бекен Қайратұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. – 26 сәуір. – Б. 8.
88. Серік Тұрғынбекұлы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, ақын: «Өлеңінде мінезі жоқ ақындарды халықтың өзі шетке ысырып тастайды» [Мәтін] : оқшау ой / жауапты ред.: Жанар Дәулетқызы // Қазақ. – 2018. – 19 қаңтар. – Б. 11.
89. Сәбит Досанов, жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Түрік әлеміне сіңірген еңбегі үшін» Халықаралық сыйлықтың лауреаты: Жетпістегі жігіт Серік Тұрғынбекұлының мерейтойына орай өрбіген ой [Мәтін] : [ақын туралы] / [Сәбит Досанов] // Айқын. – 2016. – 18 наурыз. – Б. 10.



90. Сәлібаева, Ә. Қазақ поэзиясының сұңқары [Мәтін] : Талантты ақын, даңқты жерлесіміз Серік Тұрғынбеков 70 жасқа толды / Ә. Сәлібаева ; сурет ғаламтор желісінен алынды // Наш Қостанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2016. – 9 наурыз. – Б. 2.
91. Қойшыманов, Қасқырбай. Алаштың арда ақыны [Мәтін] : Серік Тұрғынбеков 70 жаста / Қасқырбай Қойшыманов // Қостанай таңы. – 2016. – 3 маусым. – Б. 4.
92. Ахметбеков, Байбатыр. Құрмет атағы берілді [Мәтін] : [Жангелдин ауданының құрметті азаматы] / Байбатыр Ахметбеков // Қостанай таңы. – 2016. – 9 қараша. – Б. 2.
93. «Аузын ашқанға ет аса берсек, құнымыздың қашқаны» [Мәтін] : [сұхбат] / Ой-отауда сұхбаттасқан Қасқырбай Қойшыманов // Қостанай таңы. – 2017. – 31 наурыз. – Б. 4–5.
94. Төлеуханқызы, Анар. Тосынның торғын құмын кешкен ақын [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлы] / Анар Төлеуханқызы // Егемен Қазақстан. – 2016. – 18 наурыз. – Б. 9.
95. Көшкінбай, С. Поэзияның бір мергені [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлы – 70 жаста] / С. Көшкінбай // Қостанай таңы. – («Қостанай ақшамы» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2016. – 4 наурыз. – Б. 18.
96. Ажимухан, Баян. Серік Тұрғынбекұлы Арқалық жастарымен кездесті [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлы] / Баян Ажимухан // Торғай. – 2015. – 6 ақпан. – Б. 3.
97. Төлеуханқызы, А. Серілердің жалғасы Серік ақын [Мәтін] : [поэзия кеші] / А. Төлеуханқызы // Егемен Қазақстан. – 2014. – 12 ақпан. – Б. 7.
98. «Торғай» тарихын ақын жазбақ [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлымен сұхбат] / сұхбаттасқан Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2014. – 5 тамыз. – Б. 12.
99. Жүнісұлы, Мұрат. Сахнада – Нұрхан бейнесі [Мәтін] : [спектакль премьерасы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2013. – 17 мамыр. – Б. 4.



100. Сағынышым Сарыторғайым [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлымен сұхбат] / сұхбаттасқан Майра Шөкен // Торғай. – 2012. – 6 қаңтар. – Б. 3.
101. Түгелбай, В. Елордаға арналған жыр кеші [Мәтін] : [шығармашылық кеш] / В. Түгелбай // Егемен Қазақстан. – 2010. – 8 маусым. – Б. 14.
102. Ақынның абыройлы атағы [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлына «Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді] / газ. ред. // Қостанай таңы. – 2010. – 21 желтоқсан. – Б. 2.
103. Борап, Баян. Жәңгір хан тағылымы [Мәтін] : (Серік Тұрғынбекұлының «Махамбет пен Жәңгір хан» поэмасындағы хан бейнесіне жаңа көзқарас жайлы естелік) / Баян Борап // Жалын. – 2010. – № 10. – Б. 75–77.
104. Қадамбаев, Т. Серік ақынға [Мәтін] : өлең / Т. Қадамбаев // Қостанай таңы. – 2007. – 23 наурыз. – Б. 4.
105. Жүнісов, С. Өлеңнің ақжал толқыны [Мәтін] : Серік Тұрғынбекұлы – 60 жаста / С. Жүнісов // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 24 ақпан–2 наурыз. – Б. 6.
106. Бектемісов, Асқарбек. Сұлу жырдың сұңқары [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлы – 60 жаста] / Асқарбек Бектемісов // Қостанай таңы. – 2006. – 21 ақпан. – Б. 4..
107. Тәшетұлы, М. Он бес жасында ақындығымен танылған [Мәтін] : ақын Серік Тұрғынбекұлы жайлы бір үзік сыр / М. Тәшетұлы // Қостанай таңы. – 2006. – 29 наурыз. – Б. 6.
108. Досжан, Дүкенбай. Жүрек шамы [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлы жайында] / Дүкенбай Досжан // Егемен Қазақстан. – 2006. – 1 наурыз. – Б. 6.
109. Кекілбаев, Әбіш. Арлан ақын [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлы жайында] / Әбіш Кекілбаев // Ана тілі. – 2006. – 6 шілде. – Б. 7.



110. Мұсабаев, Х. Өлеңнің қара қобызы [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлы – 60 жаста] / Х. Мұсабаев // Біздің Торғай. – 2006. – 14 шілде. – Б. 3.
111. Сағитова, Г. Арлан ақын әлемі [Мәтін] : көрнекті ақын Серік Тұрғынбекұлы – 60 жаста / Г. Сағитова // Қостанай таңы. – 2006. – 25 шілде. – Б. 1.
112. Мұқатов, Нағашыбай. Аққу жыр Астананың аспанында [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлының 60 жасқа толу мерейтойынан] / Нағашыбай Мұқатов // Қостанай таңы. – 2006. – 4 тамыз. – Б. 4.
113. Марат, Арман. Ақынға құрмет көрсетілді [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлы] / Арман Марат // Қостанай. – 2006. – 1 тамыз. – Б. 3.
114. Шүкірұлы, Сабыржан. Өз биігіне көтерілген ақын [Мәтін] : Серік Тұрғынбекұлының шығармашылығына орай бірер сөз / Сабыржан Шүкірұлы // Қостанай таңы. – 2006. – 12 қыркүйек. – Б. 5.
115. Шүкірұлы, С. Биігіне көтерілген ақын [Мәтін] : Серік Тұрғынбекұлының шығармашылығына орай бірер сөз / С. Шүкірұлы // Қазақстан Заман. – 2006. – 29 желтоқсан. – Б. 14 ; Таң-Шолпан. – 2007. – № 2. – Б. 87–95.
116. Ораз, Нұрғожа. Сарыарқа саңлағы [Мәтін] : Серік Тұрғынбеков жайлы естелік / Нұрғожа Ораз // Жаңа Сарыарқа. – 2006. – № 1. – Б. 39–43.
117. Астанада музейі бар Сәкеннің... [Мәтін] : Астанадағы Сәкен Сейфуллин мұражайының директоры Серік Тұрғынбекұлымен сұхбат / сұхбаттасқан Думан Рамазан // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 15 қазан. – Б. 6–7.
118. Байжан, Ахметхан. Торғай тағы да топ жарды [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбеков Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын жеңіп алғандығы туралы] / Ахметхан Байжан // Торғай. – 2003. – 11 сәуір. – Б. 1.
119. Поэзияның бір мергені [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлымен сұхбат] / әңгімелескен М. Оташұлы // Қостанай таңы. – 1999. – 3 тамыз. – Б. 3.



120. Оспанов, Сейфолла. Торғай түлегі – жыр қыраны [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбеков жайлы] / Сейфолла Оспанов // Торғай таңы. – 1996. – 4 қыркүйек. – Б. 4.
121. Мұқатов, Нағашыбай. Сел сезімнің иесі [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбеков 50 жаста] / Нағашыбай Мұқатов // Торғай таңы. – 1996. – 12 маусым. – Б. 3.
122. Абдуллина, Э. Өлеңнің өрен жүйрігі [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлы туралы] / Э. Абдуллина // Торғай. – 1996. – 3 тамыз. – Б. 4.
123. Әлімбаев, М. Серіктің сергек серпіні [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбековтың шығармашылығы туралы] / М. Әлімбаев // Қазақ әдебиеті. – 2000. – 23 шілде. – Б. 13.
124. Жүнісұлы, Жақсылық. Туған жердің көгалына аунатып... [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбеков жайлы] / Жақсылық Жүнісұлы // Торғай таңы. – 1990. – 10 тамыз. – Б. 1, 4.



Замандас құрдастары, інілерінен ізгі тілек



«...Өлең де ақынның перзенті. Сондықтан да болса керек, ағыл-тегіл ақтарыла сөйлейтін Серіктің жырлары да арнасынан асып-тасып ағып жататын ақ бұлақтай құйылып, ақ көңілі мен ақ ниетіндей жаныңды баурап алады. Ойлы, ойнақы, астарлы, айшықты, бейнелі, бедерлі.

...Серік қысқа лирикалық өлеңдердің ғана емес, эпикалық шығармалардың да шебері.

«Нан туралы баллада», «Барлыхан», «Бұлақ», «Сырбайдың даусы» балладалары мен «Мандат», «Махамбет және Жәңгір хан» поэмалары, «Кейкі батыр» тарихи дастандары соның айғағы».

Серікбай Оспанов,

ақын, Халықаралық Жамбыл атындағы

сыйлықтың лауреаты.



«...Серік Тұрғынбековтың өлеңінде – өзіндік мінез, өзінде – ақындық мінез мол. Өмірде де, өлеңде де бастаған ісі бітпей, жан жомарттығы мен жүрек мейірімі толастамай, ойын ірікпей, сөзін бүкпей, ағынан жарыла білетін бұл ақында шынайылық мол. Ол көбінесе, көңіл-күй сезімнің ақыны».

Күләш Ахметова,

ақын, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты.



«... Серік өлеңдері өзіне тән қарапайым көрінеді, форма жағынан да бір өңкейлеу, көз тарта бермейді. Бірақ Серіктің салмақ салатын жері – мәселенің түбі, ойдың терең қазығы. Жайша да мәлім жайттар кенет өлең аяғында тұтқиылдан биік шешім қабылдап кетеді. Жай ұстасып жүріп-жүріп, бірақ шалатын балуандар сияқты. Оның бұл бағытынан арылмағанын қалар едім».

Ғафу Қайырбеков,

Қазақстанның Халық жазушысы.



«...Бүгінде Елордада тұратын Серік Тұрғынбекұлын қалың оқырман қауым, «Астананың бас ақыны» деп санайды. Оған Серіктің жасы да, шашы да, шашасына шаң жұқырмайтын тұлпарлығы да, қияға самғайтын сұңқарлығы да толық дәлел

... Ақын сезімнің алдамайтындығын, ақынның ұшқыр қиялы ұшқары сөз емес, ұлттың қамын күйттейтін киелі ұғым екенін бағамдауға болады. Серіктің өзі таңдаған осы бір қиын да күрделі жолына ақын ағасы ретінде әрдайым сәттілік тілеймін».

Сәбит Досанов,

жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының және

«Түркі әлеміне сіңірген еңбегі үшін»

Халықаралық сыйлықтың лауреаты.



«...Дастан қазақ топырағында қалыптасып, қабырға қатайтқан оқиғалы поэмалардың үлгісінде жазылған. Жат жұрттың рухани үрдісіне еліктеуі де, солықтауы да жоқ. Сөйте отырып, бес ғасырлық мектебі бар қазақ поэзиясының поэтикалық мол фибратын ақын Серік пайдаланып отырады. Бүтін буынмен төрт тағандап қат-қатымен түсіп отыратын жыр шумақтары сұлу суретімен, сыршыл сезімімен, сындарлы ойымен оқырман жүрегін тербейді. Тербей отырып тебірентеді. Тебіренге отырып кеше мен бүгін және болашақ туралы толғантады. Шынайы өнердің шапағаты осында болмақ».

(«Кейкі батыр» дастанына пікір)

Ақселеу Сейдімбеков,

Филология ғылымдарының докторы,

профессор, жазушы, ҚР Мемлекеттік

сыйлығының лауреаты.



Серік Тұрғынбековке арналған жыр жолдары

Серік Тұрғынбеков

Не айтатынын білдірмей,

Езуін егеп тыныстап,

Амандасып та үлгірмей,

Қарыңнан алар бір ұстап.

Туғалы жақын өнерге,

Жұлқына сөйлеп, жұлынған.

Риза болса ол елге,

Өз санын өзі бір ұрған.

Өзіне өзі дем беріп,

Екі көзін де тарс жұмып,

Әуенге балқып, тербеліп,

Ән салса, кетер тас жібіп.

Ұнатса іні-ағасын,

Мінезін кетер малданып.

Сырбай ма деп те қаласың,

Ғафу ма деп те таң қалып.

Жақсылыққа ұқсап қап,

Ерекеге де еліккен.

Бидалбекке ұқсап құшақтап,

Кеңшілік болып желіккен...

Серікбай Оспанұлы,

ақын

Серіаға-ау, мәлім күллі сырың маған,
Қырық жұт келсе-дағы қырылмаған...

Торғайың –

Қазақта бір киелі ел ғой,

«Алаш» деп,

Әлі күнге шырылдаған!

Бұл дала,

Құдайым-ау,

Қандай дала,

Қарасаң,

Қара жерде нардай дара.

Қай құста қандай ғажап –

Қасиет бар,

Қазаққа адал болған Торғай ғана!..

Серік Аксұнқарұлы,

**ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты,
Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері.**

Асқаның – алты қырқа, Серік ақын,

Аяғың жеткен жердің бәрі жақын.

Қамшының сегіз таспа өріміндей,

Өлеңмен бірге өрілген сенің атың!

Өлеңсіз өмір бар деп сезінбейсің,

Сезімнің мөлдіреген өзіндейсің.

Кешегі Кеңшіліктің сыңарындай,



Сырбай мен Ғафулардың көзіндейсің,
..Сондықтан тыным алмай толғанасың,
Күн сайын қаламыңды қолға аласың,
Қияға қиырдағы көзің салып,
Қырандай қанатыңды қомданасың.
Ұланы байтақ елдің байтақ ақын,
Кезің бұл айтарыңды айта алатын.
Тулаған тіршіліктің айдынында,
Жөнің жоқ жел қайықтай шайқалатын.

**Несіпбек Айтұлы,
ақын, Халықаралық Жамбыл атындағы
сыйлықтың лауреаты.**

Осы теңеу о бастан
Көкейімнен кетпей жүр.
Жалғасқандай жер-аспан,
Ағыл-тегіл неткен жыр!
Жетпісінші көктем бұл,
Жетпіс рет су ақты.
Жүйткіп аққан неткен жыр,
Неткен өлең шуақты!
...Асқарларға ұмтылдық,
Көңіл қорқақ, қол батыр...
Арқа бүгін ұл туып,
Арқа-жарқа боп жатыр!

**Әбіжан Әбілтай
ақын**

Серік Тұрғынбекұлының еңбектері



Мәңгіліктің Ай-Күні

Алты Алашқа азық болған ақылы,
Алтын басын пенделерге имеген.
Бұл Мұхтар ма?!...

Баяғының Батыры —
Суга батпай,
Отқа салса күймеген.

Өр сөзінде Әділет бар,
Шындық бар,
Елдің мұңы жас кеудені қарыған.
Білген жанға бұл Мұхтар ма?!...
Бұл Мұхтар —
Ұлттың ұлы ұзына жарыған.

Көменгерге кең дүние тар болып,
Арман қуған алтын шуақ-араймен.
Ана тілі таңдайына нәр болып,
Алдыменен ауызданған Абаймен.

Көсіп өтіп,
Көдергіні жолыққан,
Тағдырының — тауын, тасын, адырын.
Алдыменен —
Елден бұрын олуққан,
Ахандардың, Жаяндардың қадірін.

Жан жүрегің жанып тұрған от болса,
Арқан жүкті орта жолда қалдырма!
Аты Мұхтар —

Заты құптар жоқ болса,
Ауыр іс қой аруақтың алдында.

Мұның жөнін кім бар дейсің байқаған,
Білмесе егер — жалғыз құдай құдірет.
Мұхтар болу мүмкін емес,
Қайтадан —
Өз анаңнан тусаң-дағы мың рет!

Бұл сөзімді түсінген жан ойласар,
Білсін өзі —
Құптамай ма, құптар ма?
Депті Ғабен:
— «Аттың ізін тай басар», —
Деген мақал жүрмейді деп,

Мұхтарға.

Қайран Мұхтан!
Ай мүйізді Арқарым,
Кең Далада туып...
Биік Тауда өлген...
Қайғың — сенің аязыңдай Арқаның,
Қуанышың — тау бұлағы сау желген.

Айтарым сол:
Үлкенге де кішіге,
Бұл тірлікте ғұмыр сүрсен тырбанып...
Мұхтар атын иемдеген кісіге,
Абыройын жүру керек бірге алып.

Басқалардан бөлек сенің үлесің,
Бәрібір ғой кім болса да иесі,
Ұғынғанға —
Мұхтар деген ұлы есім,
Ұлы есімнің бар болады киесі?

Мұхтар болып сүю керек қазақты,
Жан жолатпай — жау жолатпай іргеңе.
Мұхтар болып тарту керек азапты,
Мұхтар болып түсу керек түрмеге.

Сондай болар сіңген адам елге ісі,
Келер ұрпақ міндетім деп біл мұны.
Мұхтар деген — бақ-беделдің белгісі,
Мұхтар деген мықтылықтың символы!

Көкжиегі — таусылмайтын дала-бел,
Өзге емес,
Сөзде ғана байлығы.
Мұхтар деген — қайыспайтын
қара Жер,
Мұхтар деген — мәңгіліктің Ай-Күні!

Төзген талай,
Аза-мұңға, күйікке,
(Бостан-босқа сілкінбейді тау өзі)
...Мұхтарлар көп,
Шыққандар көп биікке,
Бірақ, бірі болған емес Өуезов!

Шақшак Жәнібек туралы толғау (Қостанайдағы Ескерткішінің ашылуына орай)

Уа, жұртым,
Ақын сөзін тыңдаймысың,
Арқалап туған елдің мұң-қайғысын.
Болмысы келбетінен көрінетін,
Қазақта бола бермес мұндай мүсін.

Жыласа, шын жылайды, күлсе, керім,
Әркімнің жүрегінде жүрсе дермін!
Төкешпар тұлғасынан нұр төгіліп,
Қолынан шыққандай-ақ
шын шебердің.

Қарайсың тұла бойда сезім орнап,
Тәуелсіз — еркіндіктің көзі ғой нақ.
Аспаннан періштелер тіл қатады,
— Бұл Шақшак Жәнібектің өзі ғой!
— деп.

Қарайсың асыл ма деп, асқақ па деп?!
Тәңірім тіл қатқандай: —
— Қас қақпа! — деп.
Қыпшақта болғанменен қыз жақсысы,
Айтыпты Ел:
— Ат жақсысы — Шақшақта! — деп.

Соншама сөз сөйлейін, мақтанбай-ақ,
Қайтадан тірлік дәмін татқандай-ақ.
Жүйріктің шаңшасына шаң жүктырмай,
Сол атпен шауып келе жатқандай-ақ.

Ғасырдың қойнауында жүре бермей,
Халқының амандығын тілегендей.
Шарк ұрып,
Шақшақұлы Ер Жәнібек,
Ат басын Қостанайға тірегендей.

Қараудан енді қалай жалығар жан,
Шақшақтың жыры қалған, әні қалған.
Батырға ысырылып жол бергендей,
Қостанай құшағында қалың орман.

Қара орман,
Қалың орман,
Қара халық.
Батырын әспеттеуге жарары анық.
Тақ та емес,
Тахыт та емес,
Ат үстінде,
Тұрғандай
Ер Жәнібек дараланып.

Қарайлап,
Торғай жаққа,
Тосын жаққа:
— Таймаймын байласам да
басымды оқса!...
Көтерген қалың қыпшақ әруағын,
Барады Қобыландыға қосылмаққа!

Қашанда еркіндіктің дәмі кермек,
Сол дәммен тіршіліктің мәні келмек.
Мәңгілік —
Тәуелсіздік жолға түстім,
Ел — халқым,
Енді менің соңыма ер! — деп.

Шарықтап көк сеңгірде күллі атағы,
Тарихта Тархан аты тіл қатады.
Таймаса тұғырынан
Ер Жәнібек,
Мәңгілік таң атады, күн батады!



ақын Серік Тұрғынбекұлы жары Жаннамен



Ақынның балалары



Көптеп мен бүгінгі болашаққа жалғап тұратын өмірім ұрпақ ұраны менің өмірім сүрегі емес пе, өйтпесе де, бүгінгі бір ұлт пен ұлттың арасындағы айырмашылық, ел тұрғынына қызмет ететін қасиеттері жетілген болады.

Сонардың соңы да соқпалық санаулы санақтардың тізімім толықтырып қана қоймай, қоғамдық қызығушылықтарды қозғайтын Шыңшық Жәнібек тарихының рухани жаңғыру жолына Тө-

Содан шыққан төрт тірек! – деген өлеңі, бүгін қазақ фольклорының бастауында тұрақ жасады.

Шың мәнісіне келгенде, Шыңшық Жәнібектің өлеңі де, бағырлары да сонуу "Ақшабын шұбырғанды" заңымен істелісіне жатыр. Сол заманның құдақ күйі Қосжабарға жазулы "Еділбай" ақшасында Жәнібек өлеңі жетілді.

Жәнібек, Ер Жәнібек, Алдырбек бұл, Қоры олар өз маңынан кеткенін күй, Ұшысу деген еді, тоған елге, Қанжарым Қанжатар, ердің ені, – деп келетін жолдары да көпке жуығын білгірлеріне жетер берген Баһадүр Ерменді бейнесі өскен берді. Сол кездерінің жырпаң-Шықорында де мыңдай жолдар бар.

Сонда Шыңшық Жәнібек өз сөйлегені.

Қоғамды алдырған Еділ, дегені, "Ақшабын шұбырғанды" мұның аты, Құдай берсе, қайтарымы біз де көккі,



Шыңшық Жәнібек және оның ұрпақтары

(тарихи эссе)

был-Торғай тарабындағы тұрғын ел азаматтарына рәсімді артып, риясыз қолға қалып алдым. Мұндай риясыздық есімді қолға келуі өр қаламгерге күрмет болса керек.

Әңгімесімнің негізгі арқауы Шыңшық Жәнібек және оның ұрпақтары жаңылы болсақ. Тақарымдан бұлай аталау – заман күбәлісі. Шың мәнісіне, әлемдік деңгейдегі тұрғыры туғаны, алдымен, өзімді де қулыққа иеі. Бұл ауағымда бір бағамдан аласақ кайтпеді деген ойдың тұрғы еді. Өйткені, тұрғының тұрғын бұлғын тұрғының өркім-ақ бұлғые күйіміз.

Шыңшық Жәнібектің бүгінгі ұрпақтары, өркім патшалық Бесей мен Беріксі. Кеңес үкіметі тұсындағы тарихи дерестерге байланысты болып отыр. Тұрғының оның тарихын айтар болсақ, Шыңшық Жәнібектің арғы аталарының беріміз қарайты тарих-мұхитқа нең артынан да, теңіз тектесе терең дүние өскендігіне ешкім де дау тұғырсыз еді.

Қазақтар Жәнібек өлеңінді ұлғайтарды тарихта өзі талпы жолақтарыға болады. Өйтпеді ханы да, бұл де, бағыры да бар. Әзімке, Көрері мен Жәнібектің жоңа бөлесі, ол басым ашық дүниеге. Кеңес үкіметінің көпестігінен тұрғыны болсақ, қазақ қандарының тарихы тасқа басқанды анық.

Шыңшық Жәнібектің өркім де тұрғыры да болсақ, Бесей, Бекі, қара басым халық ханнан бөтер айылған. Бінікте тұрғын өлеңі айтылса да, ел Бесей мен Беріксі, төң бастағаны үшін шешен деп тағанын. Жаңынылсақ да, қандары да, қалық Баһадүр батырмен деп бағырған.

Содан да болар, қазақ халқының сан қосарлық үкіметі келе жатқан болашақта да да Шыңшық Жәнібек өлеңі өркім аталады. Аузы дуалы Бұқар жырғаудың өлеңі.

Қарасары Қабанбай, Қарымалы Бөгетбай, Қалдырты Қарымбек, Шыңшық Жәнібек Спринданді көп орта жүз

– деп жұрттына жігер берген, сөйтін, сол заманның өзінде өлмес рухтан ұрпақын селкен.

Халық аңыз бойынша, хан Жәнібек дүниеге келгенде, ауылда қона жатқан Шыңшық Жәнібек дүниеге келген жас сөбіне өз өлеңін берсе, еде тұрғында да өлеңсі түспей, қол жабып, Алайдай таққа қонғанда бастасан берген емес пе!

Осы аңыздардан бері тасқа тегін түскен жоқ. Берінің бұрын сәні өскер халық санасында жаңғырды, бүгінгі біздің ұрпаққа жетіп отыр.

Сонардың ішінде ұлы жертеуші, этнограф-ғалым Шықын Құрманғалиевтің "Жәнібек – аз сөйлегені, Бірқас мұңың тыңдағаны, ердің күнің өскі-ақ ауыз сөзінен ішешің, ақылды да, көрген, өркім қосқандар болды" деген сөзі ұлы Баһадүрдің бүкіл болмысын қолмен қойғанды бейнесін берген. Осы сөзге ұлы ақын Мәнжіван.

Өзіне тірі жанды төң көрмегені,

Токсанар Қосқарулы Ер Жәнібек, – деген жар жолдары жалғасын, ауалы ауақымда шыққан ұлы сөздер, сол жоқ, бүгінгі ұрпақ жүрегіне жоқ тауып, қаны ел санасына сіңіп кетті.

Бес-жеті ғасыр бойы қазақ өлеңінің жар-дәстән, аңыз әңгімелеріне арқау болды, өркім, көкемдік, шешендік, ел мен еділ ұлытары, жүрғылары білген мәмілегердің қалған мәмілелеріне қоныс берді болса да, кеңес үкіметі салтанат құрып, бөліктенгенді алдыға бөлек алдықтың өк, Шыңшық Жәнібек өлеңінді сондайры тұрғылардың өзімен көкә ұрпақтары да інісі-жетісуі у азықым салуы қолынан шық өлеңі түсіп, қуған-сүргеніне ұлыратты. Алайды, асты, түркіге жатты, еңгізді, күн келсе дейін ұлыныңық бермеді. Басқаны былай қонғанда, Шыңшықтар тарихан ұрпақтары, тіпті, патшалық Ресейдің тұрғындақ тұрғын ұстап, ортуры айда-шарға жасып, аламан аштарыды.

Өңгілі жаузыны Өзіні Кеңілеулердің өскімен айтсақ, Шыңшықтан бірте тұрғын қан, "айбалғала Әдіркені" былай қой-

ғанда, Баһадүрдің өз кіндігінен тараған ұрпақтарыда пайтасы бар, көнесі бар, қандай қарды, Шыңшық Жәнібектің көкі жуығының жаурылы мекенді жұмысқай сенін, Торғай-Тобыл бойын өркім жайлаған Ер тұрғының ұрпақтары, өскіре, ішпеген кезінде қызыл қаны бөкті.

Айтқанымы, "Бәсінің басы бұрылады" дегендей, бұл қан-көкі, Қам-қуығ өлеңге "ақ патша" атанған Николай патшаның тұсында-ақ, тұтас қасіретке айналған еділу.

Барі де 1845 жылы, Торғай даласында Кеңесарға қарсы өскіре қорғаныс – Бекіні салудан басталды. Сол жылы Бірғыз өлеңінің бойының Жарқолыдан Орсқ, Торғайдың Сұрыбар Бекінісінің іргесі қалады. Торғай бекінісінің салынуына Шыңшықтар тараған, оның ішінде тікелей Жәнібектің кіндігінен тұған Балалары қарсылық білдірді. Жәнібектің ұлың ұлы Дауітбайдың тұған Шеген Мұсын осы қарсылықтан басты кейінгері болды. Сол жердің бекіліде бұл Шеген Мұсын қарсы болғанын кейін, бекіліде тұрғын халықмын өзі де қолдайтыны белгілі. Алайда, патшаның өктем саясаты қанын қалыңған өскіреткен? Шегеннің Сұрыбар генерал-сұрыбары И.И.Нендіковке, оған да өркім патшаға ашпаған жаты жауынсыз қала берді. Алайда, ақ патшаның адамдары да қарай жатпай, патшалық Ресейде оларды сый-сыйнақ, алтын-күмістен алдырды. Бірақ, патша саясаты бұл жерге да жүзеге аспай қалды.

Шегеннің сүйегіне патшаның атымын алтын-күміс, зергерлік бұйымдар, бұданын ініштен, күміс бөріе сандық жылтырақтар, сый-сыйпақтар жеткізілді.

Шеген: "Алтын-күміске қалығатын қаны өскіре, тұған жерімді жылтырақтарына айырғастамаймын!" – деп жауап берді.

Бекіні салған жерде орныстан түркісі болмауына мн еді. Абасты жерде салынды. Торғайдың түркіге тұрғын болып Шеген Мұсын қамалды. Сол-ақ өскен, қорқырып халық түркінің өскін жаң-

қызбай, ай бойы Шегенге күрмет көрсетіп, қарсы-қарсы, төсек-орын, ішкі-жамға қол соғып, қолын қуырып, қымыз, қазы-қарта, жыл-қасын күн-түн төлеусіз жеткізін жатқан. Халықтың осындай күрметінен қаймыққан патшаны жауларды Шегенге бастандық берген. Алайда, патшаның сұрына саясаты Шегенді босатып, халыққа жақсы көргенмен, жағымпаз жаңдандыратар батырдың аттының өр-тұрғыны – тарлығына у жаңы атандырылды.

Шеген түркімен інісіменмен, өзінің Қосқарулы жайылуына жете берсе, ұлың өскіре бойына тарап, сол жерде дүние салды. Қосқарулы сол тұрғы осы күнге дейін "Бөзбайыр" деп аталады. Бөзбайыр – Шегеннің асығанды аты. Жарықтық Бөзбайыр да сол жерде жауыздықтан құрбаны болған. Қонылақ – Кеңесардың бағылдан келе жатқан жайылуы. Қонылақ пен Тосылды көсіні өскін Кеңесарының қалың өскіре көс жайлаудың өкі арқасында өскін-өскін өмір сүрген.

Шыңшық Жәнібектің өзі және оның арғы-бергі ұрпақтарына санамалық, өскіре санамалық қарар болсақ, қазақ тарихының бір тармағы тарих тарғары өскіре. Арғы атасы Шыңшықтар берімен қарай, тіпті, Жәнібектің өзінің кіндігінен тараған Дауітбай, Жауғанар, Токтамас ұрпақтары ұлыстан айтар болсақ, Торғай өскінінің тұтас бір жылдымыз жасалар еді.

Ел өскіні көтеріп, Тарсылдыққа теу өскін ұстап, өз бағырлары мен ақылдары ақтандықтардан армалтып, ақ пен қызылдан жасартып, өз таңдауын жасап жатыр.

Бүгінгі Тобыл-Торғай төсіне дүбірлен өңі жатқан ұлы той сол Баһадүрлердің басы Шыңшық Қосқарулы Жәнібектің рухын бағындырып жатыр. Батыр, мөңгілер, тархан Жәнібек қайтадан атқа қонып, мәңгілік тұрғынға орнықты. Бұл халықтың құдіреті, өскін өскіні көтеріп өркім шұрау. Бүгінгі аңыз жылы бірігіп жатқан "Рухани жаң-

Әңгіме-алтық

Земинтолобы

Парламент карауында үлкен маңызды мәселе көтерілді. Ол латын әліпбиін қабылдап, оны оқу-жүйесіне енгізу. Латын графикасына көшу – өркениеттік мәселе. Рас, бұл бір күннің ісі емес. Еліміздің әліпбиін ауыстыра алатындай деңгейі бар. Көрші мемлекеттердің латын әліпбиіне өту тәжірибесі көз алдымызда. Біздің тіл ғалымдары да, жақсы жақтарын да зерттеп, осындай жоба ұсынып отыр. Мемлекеттік тұрғыда қабылданған асығыс шешім әр уақытта жақсылық алып келмеген. Ешбір даярлықсыз қолға алған талай-талай бастамамыз аяқсыз қалғанын білеміз. Бірақ, бұл жолғы жоба жан-жақты қарастырылған тұщымды ой-пікірлердің жиынтығы болғалы тұр. Мен зиялы қауым өкілі ретінде бұл бастаманы қолдаймын. Қазір балаларымыз ағылшын тілін оқиды, латын әліпбиін үйренуі оңай болады деп ойлаймын.

Латын әліпбиіне көшудің толып жатқан қиыншылықтары болғанымен, жақсылықтары да болайын деп тұр. Ұлттық, ақыл-ой болмысымызды байқататын терең шығармаларымызды алдыңғы шепке қойып, әлемдік деңгейге ұсынуға жол ашылады.

Қазіргі біздің міндетіміз – барынша тезірек латын әліпбиіне көшу. Біріншіден, заман талабы десек, екіншіден өскілен ұрпақтың қамы үшін атқарылмақ шаруа. Барлығымыз бірігіп, оң шешімін таптық деп ойлаймын.

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ, ақын, Халықаралық "Алаш" сыйлығының лауреаты.



175



Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері,
«Парасат» орденінің иегері

Бір Абай

Басың биік түр үстем,
Жасың Хакім Лұқпан.
Ісің батыр Рүстем,
Жас орнына қан ағып,
Су орнына у ішкен.
Қара басын ойламай,
Халқы үшін қас болған
Ағайынмен – туыспен.
Тұлпардың менсіз қарасы,
Сүңкардың теңсіз дарасы.

Жазылмай кеткен жарасы
Атаның жалғыз баласы.
Миы – мұхит,
Маңдайы –
Қазағымның даласы.
Ұлағатты ұлы Абай,
Көгімдегі бір-ақ Күн,
Аспандағы бір-ақ Ай.
Танқалдырған әр сөзі,
Тауда тұнған тұмадай.

Шымырлап аққан бұлақтай,
Шыңға біткен қынадай.
Орыс пенен қазақтың
Ортасына қағылған,
Орны бөлек сынадай.
Қайтейін –
Құдай шұнақ-ай.
Бүкіл қазақ жиылып,
Бола алмады-ау Бір Абай!!!

Аспандағы АЙ ЖАЛҒЫЗ – АБАЙ ЖАЛҒЫЗ

Абайлап қара, қазаққа!

Бұлақтай тасып толғанмен,
Бұл өзі ғажап,
Ой, Алла-ай!...
Абайдай адам болғанмен,
Абайдай ақын бола алмай.

Өмірде босқа ғапыл боп,
Естімей сөзді құптарлық.
Абайдан кейін,
Ақын боп,
Атану –
Жүрек жұтқандық!

Көгімде күлген жарық күн,
Арайлап атқан күміс таң.
Әкесі болды ол –
Халықтың
Баласына ұрысқан.

Түсініп,
Сезіп,
Білдім бе,
Ел қамын біз де жедік қой!...
Абайлар болса бұл күнде,
Абайлап сөйлер едік қой!

Тірліктің жамап жыртқығын,
Тандамай жолдың жеңілін.
Қалың ел,
Қайран жұртымың
Көтерген жарым көңілін.

Атасы туыс – жақындар,
Барады жат боп, суысып.
Абайдай...
Нағыз ақындар,
Өледі дерттен у ішіп!

Өнердің жолын қуған сон,
Тайпалған топта жорғадай...
Бакталас елде туған соң,
Бақытсыз болған сорлы Абай.

Сезімін,
Ойын шектеген.
Болмаған
Біздей тақуа.
Қызыл сөз қуып кетпеген,
Қызығып қаламақыға...

Әр сөзін ұлтқа мұра ғып,
Намысын жұртқа бермеген.
Қатырма кітап шығарып,
Қатырып басын көрмеген.

Серілік,

Салдық,
Аңшылық,
Оңды да солды мәрт есеп.
Салмақты ойдан жаншылып,
Таркатқан құмар –
Тар төсек.

Шындық деген қамалға,
Сапар шексең – талай жол.
Мынандай зұлмат заманда,
Айналаңа
Абай бол.

Адамзаттың пақыры,
Құмар болар шатаққа.
Абайламай ақыры,
Ұрындық талай апатқа!

Ел-жұртыңа жақын бол,
Тисін десең пайдаң көп...
Жыр жазбаған ақын – қор,
«Абай болу қайда?!» - деп.

Хас тұлғасын танытпас,
Биік тауға шықпаған.
Халқын сүйіп жарытпас,
Абай жырын ұқпаған.

Махаббаттың отына,
Абай құсап жанып ал...
Абай жырын оқы да,
Қазағанды танып ал.

Түсірдік пе сөз құнын,
Өшіп-жанды от-үміт.
Ұлы Абайдың өз жырын,
Аудармадан оқыдық.

Бұл да болса ағаттық,
Білмеген соң, не екенін?!
Отанына оқ аттық,
Абай сүйген Гетенің.

Абайдай мен де бір уақ,
Өзімді-өзім байқадым.
Жартасқа күнде шығып ап,
Айкайлап сонда айтарым:

– Қастандық қылса қу, жылмаң,
Түседі барып өзі отқа...
Абайдай ұлды тудырған,
Абайлап қара, қазаққа!

Нағыз ақын

Құдай жалғыз!
Сонан соң Абай жалғыз
Абай жалғыз болған соң абайлармыз.
Алдымызда асу бар,

Алып шың бар –
Артымызға әлі де қарайлармыз.
Құдай біреу!
Әзірге Абай біреу.
Көңілдерді көркейтті талай жүдеу.
Көз жетпейтін өленнің көк аспанын
Қиын...қиын Абайсыз арайлы деу.

Құдай жалқы!
Әуелден Абай жалқы
Асыл сөздің асқанда талай нарқы.
Қазақ болса – көргені азап болса,
Өмір сүрер Абайсыз қалай халқы.

Талай асу алынар,
Талай қамал.
Таң да атар ағарып, арайланар
Мұхитың да тартылар,
Тау да құлар,
Мөңгілік боп түбінде,
Абай қалар.

Біз білгелі Абайды ғасыр өтті,
Ғасырдан да жылыстап асып кетті.
Нағыз қазақ ұлы Абай,
Нағыз Ақын,
Нағыз ақын болған соң –
Қасіретті!!!

Шөкөрім

Жиырма тоғыз жыл
құдықта жатқан қартым-ай.
Құдықта жатқан қартыммен бірге
ұйықтап жатқан халқым-ай!
Қолжазбалары көр болып
тастай құныпта жатқан
қартым-ай,
Тағдырдың сыны талдырып белді
иыққа батқан халқым-ай!

Шөкөрімдерге бұйырған жер
құдық болғаны ма,
Шешендерімің тілі байланып быдық
болғаны ма?
Қиран ғұмырды қарға тірлікке тап
қылып,
Қайран дәстүрім, осылай ұмыт
болғаны ма?!...

Жиырма тоғыз жыл
халқымнан жатқан жырақта,
Жиырма тоғыз жыл
қойылып келген сұраққа,
Халқым-ай енді, қалайша жауап
берермін
Шөкөрім сынды дананың бағы
байланып қалса бір оққа!

Байтақ далада

бақсыдан қалған моладай,
Жиырма тоғыз жыл
жанына ешкім жоламай.
Талай жыл ұйықтап, оянып келген
халқына
«Құрқудықтағы» құндақта жатқан
баладай.


Жиырма тоғыз жыл мекені болған
«Құрқудық»,
Үстінен талай үдере көшіп ырғыдық.
Бақанас жаққа жаутаң да жаутаң
қарадық,
Болмысты билеп бір үміт және бір
күдік.

Ел болып түгел есімін енді елеуге,
Жеткенде мезгіл...
болады сіре, не деуге?!
Беліне түскен Шөкөрім ата сақалы,
Жиырма тоғыз жыл айналып кеткен
селеуге.

Жалғыз оқ қана тағдырын шешіп,
сот-үкім,
Жиырма тоғыз жыл құдықта жатқан
жақұтым!
Төңірім сіре, бермесе тегі,
тартып аласың ба, қайтесің,
Құнанбайлардың ұрпағына,
Тұманбайлардың бақытыңи!

Арсыздың қолы аямай жаққан
күйеңің,
Түйірі қалмай аман-сау шыққан
киелім!
Аруана дала аңырап талай тербетті,
Жиырма тоғыз жыл құдықта жатқан
сүйегің!

Бұған да шүкір,
Бұған да халқым бір төубе!
Кенелді көңіл бір тауды қосып бір
тауға.
Құдықтан – өзі
Құлыптан – сөзі шыққан соң,
Шөкөрім қиран –
Шарықтап кеткен шырқауға!



Торғай тағы да топ жарды

Қуан Торғай, сүйінші Торғай!

Тағы да бір ұлың – шашасына шаң жұқпайтын дүлдүл ақын, тілмәр жақ жерлесіміз Серік Тұрғынбекұлы «жүзден-жүйрік» озатын додалы тартысқа түсіп, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын жеңіп алды.

«Айды аспаннан шығарды» деген осы, ағайын. Ақкөңіл де ақжарқын болмысымен, табиғи адами ізгі қасиетімен көпке сыйлы, көкірегі ашық, көңілі тұнық Секең соңғы жылдары шығармашылық шабыттың асқаралы биігінде келеді. Бірінен соң бірі «өмірге» келген «Өліара» өлеңдер жинағы, «Кейкі батыр» тарихи дастаны көптен бері ел арасында мақталып, құйма құлақтардың жадында жатталып жүр еді. Соңғы елге келген бір сапарында: «Секе, мықты-мықты дүниеніңді өреге неге ұсынбайсыз», – деген базынамызға: «Әр


нәрсе уақытымен, сабырлы сәтімен», – деп бір қойға-тын. Сол сәт сағаты туған-ақ екен және анау-мынау емес, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығына туған екен. Секең бұл сыйлыққа бәрімізге танымал «Кейкі батыр» тарихи дастанын ұсыныпты.

«Елім, жерім, қалың ел қазағым» деп, қолы қазақтың жауының жағасында кеткен, адамзаттың арланы һәм батыры Кейкі бабамыз түн ұйқысын төрт бөліп – өзін жаңғыртып қазақ елінің көгіне көтерген туған жерінің түлегіне деген ризашылық сезіммен, жарықтық, жатқан жерінде бір аунап түскен-ақ шығар. Ең бастысы, Секеңнің тума таланты, айбаты мен асқақ ойы, сөз маржаны қиын жанр жыраулық, таңды-таңға ұрып тыңдалатын хиссалық негіздегі осы дастанға телегей теңіз болып құйылғаны да шындық. Бір сөзбен айтқанда, Халықаралық мәртебедегі «Алаш» әдеби сыйлығы өз орнын қапысыз тауып, өрелі шыңға көтерілді. Сыйлықтың өзі де, оның иесі де бір-біріне тең, төрттаған.

Қадірлі, Секе, сізге мықты денсаулық, озбайтын бақ, тозбайтын бақыт, шалқар шабыт тілейміз.

Сыйлық көп болсын!

Біз сізді әрқашан күтеміз.



Ахметхан Байжан



Ақынның абыройлы атағы

Қазақтың көрнекті ақыны, «Алаш» Халықаралық сыйлығының иегері, Астана қаласындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған «Алжир» мемориалдық мұражайының қызметкері Серік Тұрғынбекұлына Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

Біз киелі Торғайдың Ақшығанақ ауылында туып, қазақтың ақжал ақыны атанған жерлесімізді, газетіміздің ұзақ жылдар бойғы белсенді авторы Секеңді осынау абыройлы атағымен құттықтап, жаңа шығармашылық табыстар тілейміз.

**«Қостанай таңы» газетінің ұжымы
Қостанай таңы. – 2010. – 21 желтоқсан. – Б. 2.**



Бала күнгі ақын досы Серікбай Оспановпен



Академик Серік Қирабаев және Серік Тұрғынбекұлы



**Серік Тұрғынбекұлы қаламгер әріптестерімен
1974 жыл**



**ақын Серік Тұрғынбекұлы Қостанайдағы Ұды Даланың ұлы тұлғасы
Шақшақ Жәнібек ескерткішінің ашылу салтанатында**



Ақын жырлары

Өзгерді...

Өзгерді...
Бәрі өзгерді...
Өзгергенін көз көрді.
Сұрапыл дауыл болардай
Сұмдықты жаным сезген-ді.
Өзгерді бәрі,
Өзгерді...
Өлшедік талай безбенді.
Отына күйіп шындықтың,
Шырқырап жаным төзген-ді.
Бәрі де,
Бәрі өзгерді.
(Өзгерер, сірә, кез келді!..)
Қадірін білмей алтынның,
Зар болып қалдым жезге енді.
Елімнің хаты өзгерді,
Жерімнің аты өзгерді.
Амандық-саулығым өзгерді,
Жамандық-жаулығым өзгерді.
Аспанның түсі өзгерді,
Жастардың ісі өзгерді.
Тұздың дәмі өзгерді,
Қыздың сәні өзгерді.
Өзгермей неміз қалды?
Бәрі... бәрі өзгерді.
Тек қана өзгермеген,
Бір құдай бар –
Оны да көз көрмеген!

Айрылдым...

Айрылдым мен...
Бәрінен де айрылдым!
Қалтылдаймын қайығында қайғымның.
Заманында тыпа-тыныш Елімнің,
Аманында аспандағы Ай, Күннің.



Қара жердің құнарынан айрылдым,
Дала белдің мұнарынан айрылдым.
Аңсап ұшып аққу қонған, қаз қонған
Айдын көлдің құрағынан айрылдым.

Айрылдым мен...
Айрылдым мен бәрінен,
Ешкім мені емдей алмас дәрімен.
Жас баладан данышпандық күтпедім,
Ақыл сұрап көрген жоқпын кәріден.

Сұңқар едім – қанатымнан қайрылдым,
Тұлпар едім – тұяғымнан айрылдым.
Түн ішінде кісінеген құлындай
Айрылып қап үйірінен айғырдың!

Айрылдым мен.
Айрылдым мен, айрылдым!..

Қыс көріністері

Қара жаңбыр аяғы қарға айналып,
Қара жердің төсіне шор байланып.
Бауырымен жер сызып,
Баяу ғана –
Қалың бұлттың салмағы қорғайланып.

Бірте-бірте түйіліп күн қабағы,
Мына маңай мазасыз мұнданады.
Қарайламай қарасын батырды күн,
Дала сірә, айтқанын тыңдамады.

Қысқы аяздай кеудемді қарып бір мұң,
Төсегіме мен дағы барып тындым.

Қапа болып қалады
Дәл осылай –
Қасиетін білмеген жарық күннің!

Аяз сорып жер төсін
Сұрланып тұр ерке аспан
Қымтана алмай көрпесін,
Қитығады желтоқсан.



Көкте тұрған мекендеп,
Күн көзінде уайым бар.
«Қалай болар екем!», – деп
Қалтырайды қайындар.

Бойындағы күш тасып,
Дала қауырт қозғалар.
Қатты болса қыс басы,
Қайтымы да тез болар.

Қар жауды да,
Қыс болды бір-ақ күнде.
Жаз дегеніңжоғалды жырақ мүлде.
Көктемнің де төбесін көрсетпеді,
Ғашық едім әуелден бұлақ, гүлге.

Табиғат та секілді қыз мінезі,
Мезі қылмай мезгілдің ізгі кезі...
Көзден бұлбұл ұшады,
Енді бүгін –
Кеше ғана жайнаған күздің өзі

Беу табиғат!
Бермейсің пендеге ерік.
Бар болғанмен сенде күш, сенде көрік.
Қысың,
Күзің,
Көктемің,
Жазыңменен –
Дүние өтіп барады дөңгеленіп!

Арман-дүние

Басқадан менің мұңым басымырақ,
Басқадан менің жырым асылырақ.
Естіртіп өз үнімді кетсем деймін
Халқымның ойдан-қырдан басын құрап.



Басқадан менің жүгім ауырырақ,
Көңілдің шыңы шөгiп, тауы құлап.
Бәрiнде жөндестiрем деп жүргенде
Тiрлiктiң таусылмады-ау дауы бiрақ...

Жиям деп жүрсем бәрiн Жыр отауға,
Тартады бiрi – тасқа, бiрi – тауға.
Халқымның мұз боп қатқан шер-шеменiн
Жарасам жалғыз сөзбен жылытуға.

Кезiнде бүкiл адам басын қосқан,
Сөзiмдi ашық айтсам жасырмастан.
Солардың сырын жазған, мұңын жазған
Артымда қалса шiркiн, асыл Дастан.

Дастархан дәм татырып адал астан
Көриссе құшақтасып – амандасқан.
Бар Әлем сиып кетсе Бiздiң Үйге
Бақыт бар демес едiм одан асқан!

Ұялаған кеудемнiң түбiнде мұң,
Қорықпаймын келсе де бүгiн өлiм.
Шүберекке түйiп ап қу жанымды,
Шындық үшiн шырқырап жүгiремiн.

Күнкөрiстiң көлеңке қалқасында,
Бiлгенiмдi айта алмай бұғып едiм.
Көргенсiздiң көгенсiз қылығына
Көз жасымды көрсетпей сығып едiм.

Шынысында шарабы шайқалғанда,
Атылмаған бұрқ етiп тығын едiм.
Айта алмаған ашынып сөзiм болса,
Аш күзендей бүрiсiп бүгiлемiн...

Айықтырмай тұманын
Не боп кеттi мына күн?!
Көбейгендей келеңсiз
Көңiлдегi күмәнiм.



Көк аспанның шекпені
Түспей қойды беу, неге?!
Бұлттың бәрі көктегі
Кіріп алды кеудеме.

Мұндай жайды кім күткен
Ай адасқан шығар-ақ.
Күннің де өзі түндіктен
Қарамайды сығалап.

Жаңылысып қалғандай
Жаз орнына қыс келіп...
Бір ашуы бар жандай
Тұрды дала тістеніп.

Қарай бердім аспанға,
Қам көңілім зарығып.
...Күн шуағын шашқанда,
Болды бірден бәрі ұмыт!



Кейінгі кездерде ақын Серік Тұрғынбекұлы драмалық шығармаларға ден қоя бастады. Мұның алдында Торғай театрында қойылған «Нұрхан» шығармасын былай қойғанда, соңғы жылдары Астанадағы Қ. Қуанышбаев атындағы музыкалық-драма театрының сахнасынан тұрақты орын алған «Мұқағали» спектаклі сөз жоқ, Серік ақынның тағы бір қырын таныта түскендей. Оған қоса ақын Серік Тұрғынбекұлының қазақ композиторларының әсем әндеріне жазған өлең мәтіндерін қоссақ, ардақты ақынның абыройы артып, тұғыры биіктей түсері хақ.

Сахнада – Нұрхан бейнесі

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Қаладағы қазақ жасөспірімдер театры туған жер тарихын зерделетуде де мол еңбек сіңіріп келеді. Жақында театр сахнасында жерлесіміз, ақын, драматург, мемлекеттік "Алаш" сыйлығының иегері Серік Тұрғынбекұлының "Нұрхан" драмасы сахналанды. Халық асылын аңсап қалған екен. Қойылымды қалт етпей бастан аяқ тамашалады.

Қойылым басталарда қара түнекті домбыраның тәтті үні түреді. Жарық бірте-бірте қоюланып, сахнадағы көрініске түседі. Нұрхан және оның үзеңгілес достары Ахметхан мен Айса ортада. Бұл Нұрханның атақты "Қарға" дастанын айтып отырған кезі. Қапталдағы көріністен Төлек Жәуке батырдың көрқап киіп қорқытпақшы болған Қарға ұрыны ұстап алған сәті айшықталады. Былай қарағанда кәдімгі әншілердің бейнебаяны сияқты.

Театр өртістері рөл-



дерді шебер орындап шықты. Нұрханды сомдаған республикалық театрлар фестивалінің лауреаты Орынбасар Қойбағаров, Айса рөліндегі Халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің лауреаты Нұрлан Байшин, Ахметхан – Әлібек Манетов, Қонжықбай – Бағдат Оспанов, Күлөнда қыз – Бақыткүл Ордабаева, Әдібай бай рөлінде ҚР мәдениет қайраткері Оразбек Нұрғали, тергеуші – Ерхан Барақовтар аянып

қалмай бар өнерін салды.

Драманы қоюшы театрдың бас режиссеры Сәлима Тасеменованың атына да жылы сөздер көп айтылды. Қала әкімінің орынбасары Есланбек Мәметөков, театр директоры Отаркүл Мұқатова, көнекөз қариялар Оркен Алматов, Жұмағали Өмірбек және сахналанған кейіпкерлердің ұрпақтары алғыстарын айтып, дәстүрлі сый-сияпаттар көрсетілді.

Арқалық қаласы.

«Нұрхан» драмасынан көрініс

Есімдердің әліпбилік көрсеткіші

- Абдуллина Ә. 122
Ажимухан Б. 96
Ахметбеков Б. 91
Ахметхан Б. 115
Әлімбай М. 123
Байжан А. 118
Бектемісов А. 106
Бектемісұлы Н. 73
Бораш Б. 103
Досанов С. 89
Досжан Д. 108
Дәулетқызы Ж. 88
Дүйсенбайұлы Е. 86
Жақсанов О. 82
Жақып Ә. 84
Жүнісов С. 105
Жүнісұлы Ж. 124
Жүнісұлы М. 98–99
Кекілбаев Ә. 109
Көшкінбай С. 95
Қадамбаев Т. 104
Қайратұлы Б. 87
Қойшыманов Қ. 91, 93
Құлкенов М. 80
Құлыяс Т. 72
Құрманғали Қ. 75
Марат А. 113
Мұқатов Н. 112, 121
Мұсабаев Х. 110
Ораз Н. 116
Оспанов С. 120
Оташұлы М. 119
Рамазан Д. 117
Рсаев Т. 81
Сағитова Г. 111
Саят Қ. 83
Сәлібаева Ә. 76–77, 90
Сейтқожина Г. 79
Тәшетұлы М. 107
Төлеуханқызы А. 94, 97
Тұрғынбекұлы С. 1–15, 16–70
Түгелбай В. 101
Шөкен М. 100
Шүкірұлы С. 114–115

Мазмұны

Құрастырушыдан.....	5
Өлеңнің өрен жүйрігі (өмірбаяндық деректер).....	6
С. Тұрғынбековтың шығармалары.....	7
Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары.....	8-13
Ол туралы әдебиеттер.....	13
Мақалалар, сұхбаттар.....	14-18
Замандас құрдастары, інілерінен ізгі тілек.....	19-21
С. Тұрғынбековке арналған жыр жолдары.....	22-24
Торғай тағы да топ жарды.....	31-35
Ақын жырлары.....	36-41
Есімдердің әліпбилік көрсеткіші.....	42

Шығ. жауапты:....К. Б. Борибаева
Құрастырушы:....Г. К. Сейтқожина
Редакторы:....Ә. Қ. Ахметжанова

Басуға 26.02.2021 ж. қол қойылды.
Қаріп түрі Times New Roman.

Басылымның көлемі 0,3

Таралымы 5

«Арқалық қаласындағы
облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
Е – mail:arkounb@mail.ru

